

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қауіпсіздік Кеңесі Хатшылығының Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N 1085 Жарлығына түсініктемесі

2003 жылғы 7 мамырда Мемлекет басшысы "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылымын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Жарлыққа қол қ о й д ы .

Бұл Жарлықтың негізгі мақсаты - қолдану саласын негізге ала отырып, Құрлықтағы әскерлер, Әуе қорғанысы күштері, Әскери-теңіз күштері деп жіктелетін үш түрлік құрылымға көшу жолымен Қарулы Күштерді реформалау. Ұтқыр күштерді қолдану тиімділігін арттыру үшін олардың негізінде әскердің жаңа тегі - Аэроұтқыр әскерлер жасақталды. Стратегиялық басқарудың жаңа органы - Штаб бастықтарының комитеті к ұ р ы л а д ы .

Елдің түрлі өңірлерінде әскери құралымдардың жауынгерлік қабілеттілігін арттыру үшін әскери округтер "Астана", "Шығыс", "Батыс" және "Оңтүстік" өңірлік қолбасшылықтары болып қайта құрылды.

Әскери құрылыс саласындағы әлемдік тәжірибені ескере отырып, әскерлерді басқаруды сапалық жақсарту, оларды пайдалануды үйлестіру осы өзгерістердің нәтижесі болуы тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы